

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

Шынболат күткен күн

Zhubanov
University
Ақтөбе өңірлік
университетінің
«Дизайн»
мамандығының
2-курс студенті
Шынболат
Исағалиев



4-6

Осы санда



ПРОЕКТЫ
НА МИЛЛИОН

7-стр



ХАЛЫҚ ОНЫ
ЖАҚСЫ КӨРДІ

8-9 66



ҚҰРМЕТ
КӨРСЕТЕТІН КҮН

10-11 66



СНОВА
В ЛИДЕРАХ

12-стр

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news

КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫҢ ЕҢ ҮЗДІК БАЗАСЫ

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің ең үздік кәсіптік практика базасы — Новый орта мектеп-лицейі. Бұл мектеп-лицейде университеттің 8 кафедра филиалы ашылған, «Білім» бағыты бойынша барлық білім беру бағдарламаларының студенттері осында практикадан өтеді. Ең үздік кәсіптік практика базасын оқу орнының Кәсіптік даму және мансап орталығы «Кәсіптік практиканың үздік базасы – Creating the future» байқауын өткізіп, анықтады. Байқауға 20 практика базасы қатысты.

Байқауды ұйымдастырудағы мақсат — жас мамандарды кәсіптік даярлау жүйесін дамытудағы үрдістерді және үздіктердің тиімді басқару тәжірибесін анықтау, көпшілікке тарату еді. Осы ретте практика базасы қызметінің сапасы, тәжірибеден өтуші студенттердің санының жоғарылығы, кәсіби кадрлардың сапасы, WorldSkills қозғалысына қатысы және басқа да инновациялық бағыттағы жобалары болуы ескерілді.

Университеттің өндіріспен байланысы, практикалық база ретінде, кафедра филиалдарын құру, жұмысшы мамандықтарын дайындау, оқытушыларды тағылымдамадан өткізу, түлектерді еңбекке орналастыру сияқты бірнеше бағыттарда жүзеге асады.

Бұл күнде Zhubanov University 679 практика базасымен келісімшарт жасаған, оның 185-і білім беретін ұйымдар.

Практикалық базалардың ішінде Ақтөбеден өзге Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Алматы облыстарының өндіріс орындары мен білім мекемелері де бар. Бұл тәжірибе базалары түлектерді жұмысқа орналастыруда да маңызды тарап болып отыр.

ЖОО 2017 жылдан бастап өндіріс базаларында кафедра филиалдарын құра бастады. Қазір кафедра филиалдарының саны 137-ге жетті, олардың 73-і білім беру ұйымдарында, 64-і кәсіпорындарда құрылған.

Байқаудың салтанатты қорытындысында бас жеңімпаз



- Новый орта мектеп-лицейіне арнайы жасалған Жеңімпаз кубогі тапсырылды.

I-дәрежелі дипломы «Студенттердің сенімі» номинациясының жеңімпазы, техникалық мамандарды даярлаудағы негізгі серіктес — «Қазхром» ТҰК» акционерлік қоғамына табысталды. «Қазхром» трансұлттық компаниясында жыл сайын білім алушылардың 80%-ы «Тау-кен ісі және металлургия» бағыты бойынша практикадан өтеді, олардың басым көпшілігі кейін компанияға жұмысқа орналасады.

Ал, байқаудың II-дәрежелі дипломын «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі мен №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі иеленді, III-дәрежелі дипломы қалалық жас туристер стансасына, №2 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясына және №40 жалпы білім беретін орта мектебіне берілді. Сондай-ақ, «Жылдың әлеуметтік серіктесі» номинациясында «Сбербанк» акционерлік қоғамы, Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы жеңімпаз деп танылды, «Мансапты бастау» номинациясының жүлдесі Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатына берілді. «Көшбасшы база: корпоративтік қатынастардың үздік жүйесі» номинациясына Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұра-

жайы лайық болды. «Кафедраның үздік филиалы» номинациясында да Новый орта мектеп-лицейі жеңімпаз атанды.

Новый орта мектеп-лицейі өңірдегі алдыңғы қатарлы орта білім беру мекемесі. Осының бір айғағы биылғы мектеп бітірушілердің «Соңғы қоңырауына» облыс пен қаланың бас ұстаздары Жолдас Батырхан мен Меткүл Қосымбаеваның қатысып, қуаныштарын бөлісуі, оқу жылында үздік нәтиже көрсеткен шығармашыл ұстаздарды арнайы құттықтап, марапаттарын табыс етуі.

ЛУЧШАЯ БАЗА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПРАКТИКИ

Лучшей базой профессиональной практики Актюбинского регионального университета Zhubanov University является Новая средняя школа-лицей. В школе-лицее есть 8 филиалов кафедр, здесь проходят стажировку студенты всех образовательных программ по направлению «Білім». Для определения самой лучшей профессиональной базы Центром профессионального развития и карьеры университета организован конкурс «Лучшая база профессиональной практики - Creating the future». В нем приняли участие 20 практических баз.

Целью конкурса было выявить тенденции развития си-

стемы профессиональной подготовки молодых специалистов и лучшие управленческие практики. При этом учитывались качество базы стажировок, количество стажеров, качество профессиональных кадров, участие в движении WorldSkills и наличие других инновационных проектов. Связь вуза с производством в качестве практической основы осуществляется по нескольким направлениям - создание филиалов кафедр, подготовка рабочих профессий, стажировки преподавателей, трудоустройство выпускников.

На сегодняшний день Zhubanov University заключил договора на 679 стажировок, 185 из которых - в образовательных организациях. Помимо Актөбе, базы практики включают предприятия и учебные заведения в Атырауской, Западно-Казахстанской, Жамбылской, Кызылординской и Алматинской областях. Эти базы также являются важным аспектом трудоустройства выпускников. В 2017 году в университете начали создавать филиалы кафедр на базе производства. В настоящее время количество филиалов кафедр достигло 137, из которых 73 созданы в учебных заведениях и 64 - на предприятиях.

По итогам конкурса специальный Кубок победителя выиграла Новая средняя школа-лицей. Диплом I степени вручен основному партнеру по подго-

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

товке технических специалистов АО «ТНК «Казхром», победившей в номинации «Доверие студентов». Ежегодно 80% студентов кафедры «Горное дело и металлургия» проходят стажировку в транснациональной компании «Казхром», подавляющее большинство практикантов впоследствии здесь трудоустраиваются. Дипломом II степени конкурса награждены Жилстройсбербанк «Отбасы банк» и казахская общеобразовательная школа №39, дипломом III степени - городская станция юных туристов, общеобразовательная школа-гимназия №2 и средняя школа № 40.

Также в номинации «Социальный партнер года» победителями признаны ОАО «Сбербанк», Центр детского и юношеского творчества, приз в номинации «Карьерный старт» присужден Актюбинской областной специализированной физико-математической школе-интернату. Актюбинский областной краеведческий музей победил в номинации «База-лидер: лучшая система корпоративного сотрудничества». Новая средняя школа-лицей также победила в номинации «Лучший филиал кафедры».

Новая средняя школа-лицей — ведущая общеобразовательная школа региона. Об этом свидетельствует участие в «Последнем звонке» этого года главных педагогов области и города Жолдас Батырхана и Меткул Косумбаевой, которые разделили радость с выпускниками, поздравили творческих учителей, показавших лучшие результаты в учебном году и вручили им награды.

THE BEST BASE OF PROFESSIONAL PRACTICE

The best base for professional practice of Aktope Regional University Zhubanov University is the New Secondary School-Lyceum. The school-lyceum has 8 branches of departments, students of all educational programs in the direction of «Bilim» are trained here. To determine the best professional base, the Center for Professional Development and Career of the University organized the competition «The Best Base of Professional Practice - Creating the Future». It was attended by 20 practical bases.

The aim of the competition was to identify trends in the development of the system of professional training of young specialists and the best

management practices. At the same time, the quality of the internship base, the number of interns, the quality of professional staff, participation in the WorldSkills movement and the presence of other innovative projects were taken into account. The connection of the university with production as a practical basis is carried out in several directions - the creation of branches of the department, the training of blue-collar occupations, internships for teachers, and the employment of graduates. To date, Zhubanov University has signed contracts for 679 internships, 185 of which are in educational institutions. In addition to Aktope, practice bases include enterprises and educational institutions in Atyrau, West Kazakhstan, Zhambyl, Kyzylorda and Almaty regions. These bases are also an important aspect of graduate employment. In 2017, the university began to create branches of the department on the basis of production. At present, the number of branches of the department has reached 137, of which 73 have been created in educational institutions and 64 in enterprises.

According to the results of the competition, the special Cup of the winner was won by the New Secondary School-Lyceum. The I degree diploma was awarded to the main partner in training technical specialists of TNK Kazchrome JSC, which won in the Student Confidence nomination. Every year 80% of students of the Department of Mining and Metallurgy undergo training in the transnational company Kazchrome, the vast majority of interns are subsequently employed here. The II degree diploma of the competition was awarded to Housing Construction Savings Bank «Otbas Bank» and the Kazakh secondary school No. 39, the III degree diploma was awarded to the city station of young tourists, the secondary school-gymnasium No. 2 and the secondary school No. 40. Also in the nomination «Social Partner of the Year» the winners were OJSC «Sberbank», the Center for Children and Youth Creativity, the prize in the nomination «Career Start» was awarded to the Aktope Regional Specialized Physics and Mathematics Boarding School. Aktope Regional Museum of Local Lore won in the nomination «Leader Base: The Best System of Corporate Cooperation». The new high school-lyceum also won in the nomination «The best branch of the department».

The new secondary school-lyceum is the leading comprehensive school in the region. This is evidenced by the participation of the chief teachers of the region and the city, Zholdas Batyrkhan and Metkul Kosumbayeva, who shared the joy with the graduates, congratulated the creative teachers who showed the best results in the academic year and presented them with awards.

ЖАС ОТБАСЫ 10-ШЫ СӘБИІН КҮТІП ОТЫР

Көп балалы жас отбасы Ақтау қаласында тұрады. Қазір Сәкен мен Гауһар Ешмұхановтар – тоғыз баланың: 4 ұл мен 5 қыздың әке-шешесі. Оныншы перзенті жақында дүниеге келмек. Олар 2001 жылы отау тіккен. Балаларының үлкені он тоғызда болса, ең кіші сәбіі 9 айлық. Бір ұлы мен қызы егіз туған.

Гауһардың жасы 35-те. Әуесқой әнші. Бала тәрбиесінде ол жақындарының көмегіне сүйенеді. Енесінің жәрдемі зор. Қыздарының ересектері үй шаруасында сенімді көмекші.

Ерлі-зайыпты Ешмұхановтар қайырымдылық шараларымен айналысады, мұқтаж отбасыларға материалдық қолдау жасап отырады.

МОЛОДАЯ СЕМЬЯ ЖДЕТ 10-ГО РЕБЕНКА

В Актау проживает молодая многодетная семья. Сейчас Сакен и Гаухар Ешмухановы - родители девяти детей: 4 мальчиков и 5 девочек. Скоро на свет появится



десятый ребенок. Пара поженилась в 2001 году. Старшему ребёнку 19 лет, младшему 9 месяцев, сын и дочь родились близнецами. Гаухар 35 лет. Она любит петь. В воспитании детей полагается на родственников. Очень помогает свекровь. Взрослые дочери - надежные помощницы по хозяйству. Семья Ешмухановых участвует в благотворительных акциях и оказывает материальную поддержку малообеспеченным семьям.

YOUNG FAMILY EXPECTING THEIR 10TH CHILD

A young large family lives in Aktau. Now Saken and Gaukhar Eshmukhanovs are parents of nine children: 4 boys and 5 girls. The tenth child will be born soon. The couple got married in 2001. The eldest child is 19 years old, the youngest is 9 months old, the son and daughter were born twins. Gaukhar is 35 years old. She likes to sing. She relies on relatives in raising children. The mother-in-law helps a lot. Adult daughters are reliable au pair. The Eshmukhanov family takes part in charity events and provides material support to low-income families.

✓ Person of the month

Шынболат күткен күн

**«Мен бұл күнді асыға күттім.
Қалай өтер екен деп қобалжыдым.
Келгендеріңіз үшін рақмет!» — деді Шынболат.**

«Жұбанов жастары» аллеясында ашық аспан астындағы портреттер көрмесі өтті. «Портреттер күлімдейді» деп тақырып таққан көрмеге Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің «Дизайн» мамандығының 2-курсін аяқтаған студент Шынболат Исағалиевтің 34 достық шаржға құрылған туындылары қойылды. Әр портреттің жанынан өткен көрермен әлемдік өнер жұлдыздарының ерекше бейнесіне қарап еріксіз күлімдеді. Сол күннің аптап ыстығы да көрермен қошеметіне тосқауыл бола алмады. Олар Шынболаттың тағдыр салған қиындыққа қарсы өр қадамынан жігер алды, рухани азық жинады, риза көңілмен естелік үшін суретке түсіп жатты. Көрмеге университеттің Стратегиялық даму және цифрландыру бойынша проректоры Алтыншаш Бекбауова, «Көркем еңбек және дизайн» кафедрасының меңгерушісі Мергембай Кургамбеков қатысып, Шынболатқа өнер жолында әрдайым сәттілік серік болуын тіледі. Шынболат күткен күн тосынсызларға толы болды. Университет басшылығы Алғыс хат берді, деменшілер түрлі сый сертификаттарын тапсырды. Шынболаттың анасы Гүлсімге гүл шоғы табысталды, жұртшылық оған ақ маңдайлы ақылды да өнерлі ұл тәрбиелегеніне ризашылықпен қарады.

Гүлсім Исағалиева ұлының алғашқы жетістігіне жүрегі толқып, шашу шашты. Осы әдемі көрмені ұйымдастырған Шынболаттың ұстазы Әділғали Сағымбаевтың еңбегін атай берді.

«Шынболат өте ыждағатты, еңбекқор, талантты шәкірт. Бірінші курста «Сурет» пәнінен сабақ бердім. Шаржға баулыдым. Қандай танымал адамдарды білетінін сұрағанымда, көптеген белгілі өнер иелерін жақсы танитынын байқадым. Көрме ұйымдастыра алатынымызды айтып едім, қанаттанып кетті. Шынболат әр суретке жауапкершілікпен қарайды. Бар ынтасын салады. Шарж салу оңай емес. Алайда шәкіртім бұл өнерді өзінің ықыласты талпынысымен жақсы меңгерді. Көрмені жоғары деңгейде ұйымдастыруда Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры Қарылғаш Сатыбалдинаның үлесі зор болды», — дейді педагогика ғылымдарының



кандидаты, «Көркем еңбек және дизайн» кафедрасының доценті, Қазақстан дизайнерлер одағының мүшесі Әділғали Сағымбаев.

Көрмеге келген көрермен ілтипатынан жүзі жадыраған ана кенжесінің ерке болса да тиянақты екенін, жеке көрмесіне дайындалу кезінде тіпті тапжылмай еңбектенгенін айтады.

Ал Шынболат болса алдағы арман-мақсаттарына жетелер бір белестен абыроймен өткеніне

қуанышты. «Еліміздің тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнап автопортреттер көрмесін өткізуге дайындықты бастаймын. Жанымдағы жақсы адамдар қолдау көрсететініне сенімдімін. Ұстазым Әділғали Әбдіғалиұлы «Өмірде дұрыс орта, дұрыс дос таба алғанда, дұрыс мамандық таңдағанда құның жоғары болады дейді. Менде осының бәрі бар. Өнерді сүйетін, құрмет тұтатын ортадамын. Жол сілтейтін ата-анам, бауырларым бар. Жан дүниемді түсінетін, қиналғанда жұбататын, қажет кезде көмектестің достарым — Ерсұлтан мен Бақтияр бар. Шығармашылығымасын көзбен қарап, шынайы бағалайтын, ескерту жасап, төзімділікке шыңдайтын, туған баласындай қамқорлық көрсететін әділ ұстазым Әділғали Сағымбаев бар. Мен ұстазымды үлгі тұтамын. Болашақ дизайнерлік қызметім алған біліміме сай сапалы жалғасса, еліме адал еңбек етсем өзімді бақытты сезінер едім. Ата-анамның да тілегі осы», — дейді Шынболат жүрек сырымен бөлісіп.

Шындығында студент Шынболат Исағалиевтің «Портреттер күлімдейді» жеке көрмесін тамашалаған көрерменнің көңілі серпіліп, ерекше көңіл-күй кешкені анық. Кеңес экранының көңілді үштігі Юрий Никулин, Евгений Маргунов, Георгий Вицин және тағы басқалардың күлімдеген портреттері автордың ертеңіне деген риясыз сенімін, үмітін жеткізгендей.

Гүлнара Қараша



Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІ ДОСЖАН ИШАН БАҒЫНА АҒАШ ЕКТІ

Еліміздің батыс өңірінде ислам дінін тарауға өлшеусіз үлес қосқан Досжан ишан Қашақұлы Темір ауданының орталығы Шұбарқұдықтан үш шақырым жердегі Шили өзенінің бойынан он гектар жерге бау-бақша егіп, жерді баптап, халықты отырықшылыққа бейімдеген.

Ишан еккен жеміс-жидек кейін үлкен баққа айналады. Ол көз жұмған соң, күтім болмағасын ағаштар қурап қалады. Жылдар өте мәуелі бақтың орны ғана қалған еді. Былтыр осы бақты қайта гүлдендіру ісі қолға алынып 282 түп тал мен жеміс ағаштары егілген болатын. Жақында Досжан ишан бағына мектеп түлектері тағы 150 түп жеміс ағашын отырғызды. Темір ауданы әкімінің орынбасары Нұрлыгүл Көшекбаева «Былтыр егілген ағаштардың басым бөлігі бой түзеп, көктеп тұр. Ишан бағының басында талдарды күтіп, баптайтын адамдар бар. Мектеп түлектері де өздері еккен талдарды суарып, қараймыз деп отыр. Жастардың ишан ата бағын жандандыруға деген ниеттері қуантады. Сондай-ақ отбасымен келіп, бес-алты түп тал егіп жатқан-дар бар» — дейді.

ВЫПУСКНИКИ ШКОЛЫ ПОСАДИЛИ ДЕРЕВЬЯ В САДУ ДОСЖАН ИШАН

Внесший большой вклад в распространение ислама в западной части страны Досжан ишан Кашакулы посадил десять гектаров плодовых плантаций вдоль реки Шили, что в трех километрах от центра Темирского райо-



на Шубаркудука, приспособив население к земледелию. Позже это место превратилось в большой сад. Но из-за отсутствия ухода после кончины ишана деревья засохли, от сада остались только пустые земли. В прошлом году сад возродили, было посажено 282 де-

ревьев и фруктовых кустарников. Недавно выпускники школ посадили еще 150 плодовых деревьев в саду Досжан ишан. Заместитель акима Темирского района Нурлыгүл Көшекбаева рассказала: «Большинство деревьев, посаженных в прошлом году, прижились. В саду есть специальные люди, которые ухаживают за саженцами. Выпускники школ также планируют поливать и ухаживать за деревьями. Отрадно, что молодые люди хотят возродить сад Ишан-Ата. Часто сюда приходят целые семьи и сажают по пять-шесть деревьев».

SCHOOL GRADUATES PLANTED TREES IN DOSZHAN ISHAN GARDEN

Doszhan Ishan Kashakuly, who made a great contribution to the spread of Islam in the western part of the country, planted ten hectares of fruit plantations along the Shili River, which is three kilometers from the center of the Temir district of Shubarkuduk, adapting the population to agriculture. Later this place turned into a large garden. But due to the lack of care after the death of the Ishan, the trees dried up, only empty lands remained from the garden. Last year, the garden was revived, 282 trees and fruit bushes were planted. Recently, school graduates have planted another 150 fruit trees in the Doszhan Ishan Garden. Nurlygul Koshebaeva, deputy akim of Temir district, said: "Most of the trees planted last year have taken root. There are special people in the garden who look after the seedlings. School graduates also plan to water and tend the trees. It is gratifying that young people want to revive the Ishan-Ata garden. Often whole families come here and plant five or six trees."

ZHUBANOV UNIVERSITY «ASHYQ» ЖОБАСЫНА ҚОСЫЛДЫ

«Ashyq» мобильді қосымшасы елімізде ақпан айынан бастап сынақтан өткен болатын. Енді көптеген нысандарда «Ashyq» жобасы іске қосылуда. Covid19 індетінен сақтану шараларын күшейту мақсатында Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің М.Арын атындағы бас оқу ғимараты мен әкімшілік ғимаратында QR кодтар ілінді. Мобильді қосымшаны алдымен телефонға жүктейді. Сосын QR-кодты сканерлеп, жеке идентификациялық нөмірді енгізу керек. Сол кезде 4 түстің біреуін көрсетеді. Көк — жақын уақытта ПТР-тест тапсырмағандықты көрсетеді, көк түсте қозғалысқа шектеу болмағанымен, ПТР тесті міндетті ұйымдарда көк мәртебесі бар азаматтар ішке кіре алмайды. Жасыл түс — індет жұқтырмағандықты, сары түс — науқастармен байланыста болғанды, ал қызыл түс — коронавирус жұқтырғанын білдіреді. Сары мен қызыл түс көрсетсе, ғимаратқа кіруге рұқсат етілмейді.

Осылайша университетте індеттен сақтану үшін жан-жақты шаралар қарастырылуда. Мұндай жүйе әлемнің біраз елдерінде қолданылып жатыр. Мысалы Оңтүстік Корея, Малайзия, Түркия, Греция, Кипр елдерінде ұқсас құралдар сәтті енгізілді және COVID-19 жұқтыру қаупі бұл елдерде азайып жатыр.

ZHUBANOV UNIVERSITY ПРИСОЕДИНИЛСЯ К ПРОЕКТУ «ASHYQ»

Мобильное приложение «Ashyq» тестируется в нашей стране с февраля. Сейчас проект «Ashyq» запускается на многих объектах. В целях усиления профилактики Covid19 в главном корпусе имени М.Арына и административном корпусе Zhubanov University были развешены QR-коды. Сначала мобильное приложение загружается на те-

лефон. Затем нужно отсканировать QR-код и ввести личный идентификационный номер. Приложение отобразит один из 4 цветов. Синий — означает, что ПЦР тест в ближайшее время не проводился. Хотя ограничений на передвижение нет, граждане с синим статусом в организацию, где для входа ПЦР тест обязателен, пройти не могут. Зеленый цвет указывает на отсутствие инфекции, желтый — на контакт с пациентами, а красный — на коронавирусную инфекцию. Желтый и красный не допускаются в здание. Таким образом, в университете принимаются комплексные меры по предотвращению заболевания COVID-19. Такая система используется во многих странах мира. Например, аналогичные инструменты были успешно внедрены в Южной Корею, Малайзию, Турцию, Грецию и на Кипре, что снизило риск заражения COVID-19 в этих странах.

ZHUBANOV UNIVERSITY JOINED THE «ASHYQ» PROJECT

The mobile application «Ashyq» has been tested in our country since February. Now the «Ashyq» project is being launched at many sites. In order to strengthen the prevention of Covid19 in the main building named after M. Aryn and the administrative building of Zhubanov University, QR codes were posted. First, the mobile app is downloaded to the phone. Then you need to scan the QR code and enter your personal identification number. The app will display one of 4 colors. Blue — means that the PCR test was not performed in the near future. Although there are no restrictions on movement, citizens with blue status in an organization where a PCR test is required to enter can not pass. Green indicates no infection, yellow indicates contact with patients, and red indicates coronavirus infection. Yellow and red are not allowed in the building. Thus, the university is taking comprehensive measures to prevent COVID-19 disease. This system is used in many countries around the world. For example, similar tools have been successfully implemented in South Korea, Malaysia, Turkey, Greece and Cyprus, reducing the risk of COVID-19 infection in these countries.

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news



АРБАТТАҒЫ СТУДЕНТТЕР КӨРМЕСІ

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде жуықта құрылған жас суретшілер мен дизайнерлердің «Art House» бірлестігі Арбат бойына туындыларының көрмесін қойды. Бұл шараны олар Қазақстанның мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орайластырды. Өйткені жақын болашақта өздері де олардың қатарын толықтырмақ.

Көрмедегі түрлі техникада, туысқа-ламаннан бастап 3D-портреттік жіптермен орындалған 100 жұмысты көрермен қызығушылықпен тамашалады. Себебі көрменің тақырып аясы да кең болатын. Мұнда сынық натюрморттар, ұлт тұлғаларының портреттері, тарихи аңыздар желісіне иллюстрациялар, әлемдік пандемия тақырыбы бейнеленген суреттер орналасты.

Құрылғанына үш ай болған бірлестік аз уақыт аралығында осымен алтыншы көрме ұйымдастырып отыр. Бір ерекшелігі бірлестіктегі 50 студенттің арасында өнерге қатысы жоқ факультеттен де мүше бар.

«Art House» студенттер клубының жетекшісі, «Көркем еңбек және дизайн» кафедрасының оқытушысы Сағыныш Қалменнің айтуынша бүгінде олар «Social Art» жобасымен жұмыс істеп жатыр. Жоба әлеуметтік жарнама жасауға бағытталған. Сондай-ақ Tumar Student Business Challenge студенттік стартаптар жеңімпазы ретінде бірлестік мүшелерінің туындылары ел астанасы Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының да назарына ұсынылмақ.

СТУДЕНЧЕСКАЯ ВЫСТАВКА НА АРБАТЕ

Актюбинский региональный университет Zhubanov University недавно провел выставку работ молодых художников и дизайнеров «Art House» на Арбате. Приурочили мероприятие к профессиональному празднику деятелей культуры и искусства Казахстана. Ведь этот статус начинающие мастера кисти получают в скором. Зрители с интересом посмотрели 100 работ в различной технике, от туши до 3D-портретных ниток. Все бла-

годаря широкой тематике выстав-ки. Здесь разместили натюрморты, портреты национальных деятелей, иллюстрации исторических собы-тий, изображения на тему мировой пандемии.

Объединение, основанное три месяца назад, за короткий срок организовало уже шестую выставку. Одна из особенностей состоит в том, что среди 50 студентов клуба есть член факультета, не связанного с искусством. По словам руко-водителя студенческого клуба «Art House», преподавателя кафедры «Искусство и дизайн» Сағыныш Калмена, сегодня они работают над проектом «Social Art». Проект направлен на создание социаль-ной рекламы. Также, в качестве победителей студенческих стартапов Tumar Student Business Challenge, работы членов клуба будут пред-ставлены жителям Нур-Султана.

STUDENT EXHIBITION ON ARBAT

Aktobe Regional University Zhubanov University recently held an exhibition of works by young artists and designers «Art House» on Arbat. The event was timed to coincide with the professional holiday of workers of culture and art of Kazakhstan. After all, novice brush masters will receive this status in the near future. The audience watched with interest 100 works in various techniques, from ink to 3D portrait threads. All thanks to the broad theme of the exhibition. Here are still lifes, portraits of national figures, illustrations of historical events, images on the theme of the global pandemic.

The association, founded three months ago, has already organized its sixth exhibition in a short time. One of the peculiarities is that among the 50 students of the club there is a member of the faculty who is not related to the arts. According to the head of the student club «Art House», teacher of the department «Art and Design» Sagynysh Kalmen, today they are working on the project «Social Art». The project is aimed at creating social advertising. Also, as the winners of the Tumar Student Business Challenge student startups, the works of the club members will be presented to the residents of Nur-Sultan.

ЖҰБАНОВТАН — АБАЙҒА

Жақында Zhubanov University мен Shakarim University арасындағы ғылыми және танымдық бағыттағы қатынас жалғасын тапты. «Жұба-новтану» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкерлері Жай-нар Сатбай және Камила Жантілеуова Семей қаласында болып, «Абай шығармаларының көпфункционалды Web-қосымшасын жобалау және құру» жобасын іске асыру бойынша жоба авторы, Shakarim University КеАқ басқармасы төрағасы, ректоры, абайтанушы Бауыржан Ердембековпен алдағы істер барысын талқылап қайтты. Жоба Бауыржан Ердембеков Zhubanov University ректоры болған кезде ҚР Білім және ғылым минис-трлігінің ғылыми жобаларды қаржыландыру байқауында жеңіске жеткен еді. Жоба бойынша Абай шығармаларының Мүрсейіт қолжазбасын тілдік тенденцияларды қарастыра отырып қайтадан транскрипциялау, зерттеу, қолжазбаны әдеби материал ғана емес, тілдің даму тенденциясын көрсететін тілдік материал ретінде ғылыми айналымға енгізу жұмыстары атқа-рылатын болады. Осы жылдың 17- мамырында «Әлеуметтік және гума-нитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» ғылыми бағыты бойынша ұлттық ғылыми кеңестің отырысында аталған жоба қаржыландырылды.

Жобаға қатысушы жұбановшылар экспедиция барысында «Жиде-бай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінде болып, Абай мұраларына қатысты мәліметтер қорымен жұмыс жасады, музейдің баспа өнімдерімен танысты. «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің әр залы қазіргі заман талабына сай цифрлық үлгіде жасқалған.

Сондай-ақ Жайнар Сатбай мен Камила Жантілеуова Берілідегі М.Әуе-зовтің музей-үйін аралап, Абайдың кіндік қаны тамған жері – Сырт Қасқа-бұлақта болып, үлкен әсермен оралды.

ОТ ЖУБАНОВА ДО АБАЯ

Сотрудничество между Zhubanov University и Shakarim University про-должается в научной и познавательной сферах. Сотрудники Исследо-вательского центра «Жубановтану» Жайнар Сатбай и Камила Жантілеуова посетили Семей, где обсудили этапы реализации проекта «Дизайн и раз-работка многофункционального Web-приложения произведения Абая» с автором, Председателем Правления, ректором Shakarim University Бауржаном Ердембековым. Проект выиграл конкурс на финансирование исследовательских проектов Министерства образования и науки Респу-блики Казахстан, когда Бауржан Ердембеков был ректором Zhubanov University. Согласно проекту, из произведений Абая рукопись Мурсейит бу-дет перетранскриптована, изучена с учетом языковых тенденций, выпу-щена в научный оборот не только как литературный материал, но и как языковой, отражающий тенденции развития языка. 17 мая этого года про-ект получил финансирование по итогам заседания Национального науч-ного совета по направлению «Исследования в области социальных и гума-нитарных наук». В ходе экспедиции жубановцы посетили Жидебай-Бо-рильский государственный историко-культурный и литературно-мемори-альный музей-заповедник, работали с базой данных о наследии Абая, ознакомились с публикациями музея. Каждый зал государственного исто-рико-культурного и литературно-мемориального музея-заповедника «Жи-дебай-Борили» оформлен в цифровом виде в соответствии с современ-ными требованиями. Жайнар Сатбай и Камила Жантілеуова также по-сетили дом-музей М. Ауэзова в Борили, место рождения великого поэта Сырта Каскабулака и вернулись с яркими впечатлениями.

FROM ZHUBANOV TO ABAY

Collaboration between Zhubanov University and Shakarim University continues in the scientific and educational fields. Employees of the Zhubanovtanu Research Center Zhainar Satbay and Kamila Zhanatileuova visited Semey, where they discussed the stages of implementation of the project «Design and Development of a Multifunctional Web Application of Abai's Works» with the author, Chairman of the Board, Rector of Shakarim University Baurzhan Erdembekov. The project won a competition to fund research projects of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan when Baurzhan Erdembekov was rector of Zhubanov University. According to the project, the Murseit manuscript will be re-transcribed from the works of Abai, studied taking into account linguistic tendencies, and released into scientific circulation not only as literary material, but also as a linguistic material reflecting the tendencies of language development. On May 17 this year, the project received funding following a meeting of the National Scientific Council in the direction of Research in the Field of Social and Human Sciences.

During the expedition, the Zhubanovites visited the Zhidebay-Boril State Historical, Cultural and Literary Memorial Museum-Reserve, worked with a database on the heritage of Abai, and got acquainted with the publications of the museum. Each hall of the state historical-cultural and literary-memorial museum-reserve «Zhidebay-Borili» is decorated in digital form in accordance with modern requirements. Zhainar Satbay and Kamila Zhanatileuova also visited the house-museum of M. Auezov in Borili, the birthplace of the great poet Syrt Kaskabulak and returned with vivid impressions.

Competition of projects

В Zhubanov University подвели итоги конкурса среди преподавателей и студентов «Лучший проект АРУ имени К.Жубанова». Инициировали мероприятие специалисты Центра стратегического планирования университета. Главной фишкой события стал призовой фонд в миллион тенге, который поровну разделили победители.

Проекты на миллион

Боролись за миллион более 200 участников, которые представили 55 работ. Заявки разделили по трем направлениям. Это методические проекты, Start-up проекты и социальные проекты.

Оценивали идеи жубановцев независимые эксперты из НПП «Атамекен», фонда «Даму», областных управлений и неправительственных организаций региона. В финал отобрали 18 работ. Особо значимыми названы проекты по разработке мультимедийных учебников, интерактивных программ, мобильных приложений для изучения различных дисциплин и контроля знаний студентов, call-центра психологической помощи, центра успешной адаптации людей старшего возраста в современном обществе, обучающих курсов для женщин в декрете.

По итогам обсуждений жюри в лидерах оказались 3 проекта. В направлении методических проектов победила доцент кафедры химии

и химтехнологии Базархан Имангалиева. Она предложила интегрированный курс по биогеохимии. Данный проект отвечает современным требованиям по модернизации образовательных программ и является готовой разработкой для внедрения в учебный процесс. «Основными целями проекта стали - определение научной и теоретической основы экологических концепций, возникающих в результате метаболизма через взаимодействие естественных наук, создание методологической системы, которая формирует концепции биогеохимической экологии на междисциплинарной основе», рассказала о своей работе Базархан Имангалиева.

Проект старшего преподавателя кафедры художественного труда и дизайна Юлии Кузнецовой стал лучшим среди стартапов. Разработка педагога и её студентов представляет экологический интерес. Ведь при изготовлении светильников Creative Light ис-



пользуются отходы производства пластиковых изделий.

Значимая сумма досталась и команде преподавателя кафедры информатики и информационных технологий Асхата Раманкулова. Участники третьей номинации изобрели трость для слабовидящих. Пробная версия устройства уже протестирована в областном учебно-производственном предприятии Казахского общества слепых. По словам автора Асхата Раманкулова, по запросу потребителя трости есть возможность минимизировать габариты устройства, исправить ошибки в конструкции интегральной схемы: «Сегодня готов дизайн внешнего корпуса устройства, внутренне компоненты. Для тестирования второй версии устройства было предложено приобрести контроллер и специальные аккумуляторы. После планируется выпуск первой линейки умной трости. Именно на это и уйдут выигранные 333 тысячи тенге».

В специальной номинации конкурса «Креативный проект» был отмечен проект «Social Art» специалиста Департамента по социальным

вопросам и молодёжной политике Нурсултана Елеуова. Направлен он на создание социальной рекламы по актуальным проблемам. «Лучшим прикладным проектом» стала автоматизированная система управления дорожным движением улично-дорожной сети города Актөбе. Её разработка принадлежит доценту технического факультета Нургазы Сауханову.

«Мотивация и поддержка преподавателей – неотъемлемая часть талант-менеджмента. По количеству заявок и разнообразию предложенных разработок было понятно, что современные преподаватели – это исследователи, готовые к постоянному развитию в разных направлениях. В университете Жубанова много талантливых преподавателей, наша задача заключается в том, чтобы стимулировать их и показывать пример другим», - сказала проректор по стратегическому развитию и цифровизации Zhubanov University Алтыншаш Бекбауова, отметив, что все проекты - победители будут реализованы в рамках университета.

Айерке Султанбекова

ОДИН ДИПЛОМ-ХОРОШО, А ДВА ЕЩЕ ЛУЧШЕ!

КИТАЙСКИЙ НЕФТЯНОЙ УНИВЕРСИТЕТ (ПЕКИН)

- Нефтяная инженерия
- Нефтегазовое дело
- Химическая технология

ПЕКИНСКИЙ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

- Международная экономика и торговля
- Вычислительная программа и техническое обеспечение
- Машиностроение и механическая работа

Anniversary

Осы жылдың 20-мамырында ағартушы ұстаз, ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, абайтанушы, Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетін 1983-1995 жылдары басқарған ректор Мұхтар Арынның туғанына 85 жыл толды.

Өлшеулі болған ғұмырында өлшеусіз іс тындырып кеткен ұлтжанды азаматтың есімі ақтөбеліктердің жадында күні кешегідей сақтаулы. Дүниеден озғанына ширек ғасырға жуықтады, әйтсе де оның ой-толғамдары, жарқын ізі кейінгі ұрпаққа өнеге болып келеді.

Алаштың абзал ұлының туғанына 85 жыл толуына орай университетте «Арын оқулары» республикалық ғылыми-практикалық online конференция өтті. Конференцияға ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалин, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ЖОО ректорлар кеңесінің төрағасы Ерлан Сыдықов, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор Бауыржан Ердембеков жеделхат жолдап, ел есінде есімі жаттаулы дара тұлға жайында лебіздерін білдірді.

Конференцияда Мұхтар Арынның өмірі мен шығармашылығы, ағартушылық және қоғамдық қызметі, ғылыми мұрасы жайлы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, профессор Әмірхан Рахымжанов, қоғам қайраткері академик Ғарифолла Есім, «Арыс» қоры баспасының директоры, профессор Ғарифолла Әнес, академик Сейіт Қасқабасов, филология ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Абылай Мұхамбетжан, профессор Ерлан Арын (ұлы) баяндама жасады.

Online жиын модераторы университеттің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Бибігүл Абенова Мұхтар Арынның оқу орнына басшылық еткен кезде өзгеге ғана емес өзіне де көрсеткен шарапатын ықыласпен еске алды.

«Ақтөбе пединститутының ректоры болған Мұхтар Ғалиұлы Арын, қарымды басшы, ұлағатты ұстаз, абайтанушы, тіл жанашыры, ұлттық сана мен болмысқа ұлықты істерімен сәуле берген Қазақ, ұмытылмас тұлға! Талай жанның өмірінен орын алған, жанына жақсылығымен жайғасқан, қиналғанға қол ұшын берген, адасқанға жол сілтеген Адам!

1985 жылы институтта тарих мамандығы ашылып, ҚазМУ-ді бітірген 3 түлек жолдамамен институтқа жұмысқа орналастық. Институт әр оқу жылының басында іргелі оқу орындарын бітірген ондаған мамандарды



«Бүгінгінің бәрі —
ертеңгі тарих»...

Мұхтар Арын

ХАЛЫҚ ОНЫ ЖА

қабылдады. Жан жақтан ғалымдарды жинады. Тек бір 1988 жылдың өзінде ҚазМУ бітірген 7 тарихшыны қабылдағаны есімде. Жас мамандар жас мамандықтың жетілуіне жан сала еңбек етті. Мұндай үрдіс жаңадан ашылған қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты да жүріп жатты.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы Ақтөбе жастарын да жайбарақат қалдырмады. Сол кезде жұбайым Дәулет Ақтөбе мәдени-ағарту училищесінде қызмет ететін. Училище жастарының оқиғаға үн қосуы, пікір білдіруі олардың қудалануына алып келді. Есімдері жиын сайын аталып, «ақ қарғалар» қатарына енді. Жұмыстан кеткені, комсомолдан шығарылғаны бар. Қиын күндер туды. Сондай күндердің бірінде Мұхтар аға кафедраға келді. Менің сабағым бар күнді лаборанттан біліп, келген екен. Жаныма келіп «Үйдегі бала бірнәрсе деп қойған екен. Ойындағы нәрсенің бәрін айту міндет емес. Сәлем айт. Байқап жүрсін» деді де, шығып кетті. Өзі іздеп келіп, жанашырлық білдірді, ақылын айтты. Алаңдайтынын білдірді. Жылы сөзімен жанымызға қуат берді.

ҚазМУ-ді бітіріп келгенде біздің екі сәбиіміз болды. Ақтөбеде Досханымыз дүниеге келді. Жас отбасымыз. Үш жыл пәтер жалдап тұрдық. Бірінен екіншісіне көшіп жүрдік. Ескі қаладан қатынау, бірнеше автобуспен балаларды бақшаға тасу бар. Сондай жағдайда Жанжігіт Орамах ағаның мәселе көтеруімен Мұхтар аға бірден сол күні институттың жатақханасынан бөлме бөлгізіп берді. Маресьевтегі жатақханадан алған бір бөлме біз үшін пәтердей болды. Қуанышымызда шек болмады. Осылайша, біз сияқты талай жасқа қуаныш сыйлады. 1990 жылы Мұхтар

ағаның тікелей араласуымен, қолдауымен институттың көптеген қызметкеріне үй берілді. «Жас маман» бағдарламасымен біз де төрт бөлмелі пәтер алдық. Бұл қызметкерді де, лаборантты да, жас мамандарды да, оқытушыны да бақытқа келтіркен, адам сенгісіз оқиға болды.

1995 жылы күзде Дәукең ҚазҰУ-не ғылыми стажировкаға жіберілді. Тұрсын Жағалтайқызы апамыз (мені «өкіл қызым» дейтін) Дәулетке «Бибігүл неге бармайды? Бірге барсаңдаршы» деген соң, ойланyp қалдық. Сол кездегі оқу ісі жөніндегі проректор Абылай Жортабайұлы Мұхамбетжанға айтқанымызда «балалармен қиын болмай ма? Әуелі Дәулет қорғап келсін, сосын сен барарсың» деді. 90-шы жылдардың ортасы, расында қиын кез еді. Абылай ағаның сөзінің де қисыны бар. Дегенмен ректорға кірсек деп шештік.

Институт Мұхтар ағаның бастамасымен Абайдың 150 жылдығына Абай еліне экспедиция ұйымдастырып жатты. Үлкен дайындық, қарбалас кез. Солай бола тұрса да Мұхтар аға уақыт тауып, қабылдады. Ойымды тыңдап алды да «ертең Дәулетпен бірге кел» деді. Ертеңіне таңертең екеуміз қабылдауына бармақ болдық. 8 қабатты ғимараттың арғы бұрышын айнала бергенімізде, Мұхтар аға ішкі аулада машинасына мінгелі жатыр екен. Бізді көріп, іркіліп тұрып қалды. Біз де жүгіре басып, қасына жеттік. «Қалайсың, Дәулет? Сен неге Бибігүлді бірге алып кеткің келеді? Соны айтшы» деді. Дәулет ҚазҰУ-де бірге оқығанымызды, менің үздік бітіргенімді, ғылымды да бірге игергіміз келетінін айтып жатты. Мұхтар аға тыңдап алды да «Аа. Солай ма?! Мен Бибігүлді кірінді жуу, тамағыңды пісіру

үшін ерткісі келді ме деп ойлап едім. Олай болса, қарсылығым жоқ, Амангелді ағаларыңа айтып, құжаттарыңды дайындандар» деді де, қолтастып, машинасына мініп, жүріп кетті. Амангелді Әбдірахманұлы Айталы ғылым жөніндегі проректор болатын. Қуанышымызда шек жоқ. Мұхтар ағаның даналығына, ешнәрсеге немқұрайды қарамайтынына тағы бір тәнті болдық.

Сол экспедицияға кетіп бара жатқан сәті екен. Кеште Мұхтар ағаның, абзал ағаның қайтыс болғанын естідік. Мұхтар ағамен өмір жолымызда осылай кездестік. Біздің аяқтан тұруымызға, бой көтеруімізге, кәсіби қалыптасуымызға ықпал жасады. Кейін басымызға түскен қайғылы жағдайда ғылымды тастап кеткім келді. Бірақ Мұхтар ағаның сеніміне, соңғы аманатына деген адалдық мені ғылымға қайта алып келді. Жасаған жақсылығыңызбен, шапағатыңызбен, көркем істері-



ңізбен жадымыздасыз, Мұхтар аға! Халықтың жадындасыз!» — деді Бибігүл Сейілқызы үлкен тебіреніспен.

М.Арынның туған күнінде оның асыл қасиеттерін құрмет сезімімен еске алған жандар көп болды. Солардың бірі Қазақстанның құрметті журналисі, еңбек ардагері Идош Асқар.

«Тағдыр мені осы кісінің қасында жақын жүруді жазды. Мен тағдырыма сол үшін ризамын. Мұхтар Ғалиұлы Арын сегіз қырлы адам еді. Мысалы, сол кезеңде елімізде Ақтөбені «Рухани өңір» деп атады. Кеңестік кезеңде көп көріне алмаған қазақтың маңдайалды адамдары Мұханның арқасында Ақтөбе жеріне келді. Олардың қатарында өнер, ғылым, мәдениет, саясат қайраткерлері бар. Жалпы Мұхан Алаш арыстарының ең соңғы тұяғы болатын. Ол кісіге басқа оқу орнында, басқа облыста жұмыс табылатын, бірақ ол кісі Ақтөбені тандады. Ол кісі келгенде

«ұлтжанды екен» деген әңгіме айтылды. Содан кездескім келді. Бірақ бірден сәті түспеді. Ол кезде облыстық газетте қызмет еттім. 90-жылдардың маңайында Абай туралы ілім айтуды қолға алды. «Абай оқуларын» ұйымдастырды. Соған оқытушыларды, студенттерді тартуды маған тапсырды. Ол Абай жайлы көп білетін. Абайды жанымен жақсы көрді. Немересіне де Абай есімін қойды. Өзінің тұлғасында бір жайсаң болмыс бар еді. Жүріс-тұрысына дейін ерекше үлгіге лайық. Мұханның арқасында атағы жер жарған қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерімен жүздестік, Ақтөбеге Тахауи Ахтанов, Әзірбайжан Мамбетов, Қалтай Мұхаметжанов, Рабиға Сыздықова, Әбдуәли Қайдар, Ақселеу Сейдімбеков, Қалтай Мұхамеджанов келді. Сол жылдары Ақтөбе тұрғындарының 30 пайызы ғана қазақ, ал 70 пайызы өзге ұлт өкілдері болды. Мұханаң Ақтөбе өңіріне келген соң

лан елге белгілі азаматтар. Ғалымдығы, педагогтық бейнесі өз алдына бір бөлек әңгіме. Айтып, тауыса алмайсың. Халқына жанкешті қызмет етті. Қызметте күйіп кетті. Сағынамыз азаматты», — деді толғаныспен. Ал университеттегі «Абайтану және ұлттық руханият» орталығының жетекшісі, профессор Абат Пангереев: «Осыдан отыз жылдай уақыт бұрын, 20-мамырда Шәкәрімнің енді ғана баспадан шыққан кітабына мынадай сөздер жазылып, Мұхтар Ғалиұлына табыс етілген еді:

«Мереке құтты болсын

Мұхтар аға,

Кең жазық жазирадай дархан аға. Тұра бер Ақтөбеде Алатау боп, Ұрпағың мақтан етер дара тұлға».

Осы сөздер бүгінде шындыққа айналды, Мұханаң атында Ақтөбеде мектеп, көше бар. Оның қайраткерлік істерін, ұлттық рухты оятудағы батыл қимыл-ерекеттерін халық әлі күнге шейін жыр қылып айтады. Сон-

сатын еді. Сол тұстағы «Егемен Қазақстан» газетінің біздің облыстағы тілшісі Әмір Оралбайға берген сұқбатында: «...Штутгарт қаласында ауыл шаруашылығы университеті бар екен. Мені сондағы мұражай таңғалдырды. Онда сонау ерте кезден бастап немістердің егіншілікте қолданған құралдары жинақталған. Ұлттық ой-сананың өсуін, қалыптасуын көрсетіп тұрғандай», — дейді. Осыдан кейін ойда жүрген жоспарын жүзеге асырып, «Ақтөбе өңіріндегі білім беру жүйесінің дамуы» музейін, археология музейін, Абайтану кабинетін ашады. Мұхтар Ғалиұлының лингвистика саласындағы ғылыми ізденістерінің негізінде жарық көрген ғылыми еңбектері, оқулықтар мен оқу құралдары, зерттеу мақалалары көзі тірісінде жоғары бағаланды, бүгінде мән-мағынасын жоғалтқан жоқ. Ұзақ жылдар бойы көз майын тауысқан зерттеулерінің нәтижесінде жазылған «Неміс тілі грамматикасы. Морфология» оқулығы (Алматы, 1986) бұрынғы Одақ көлеміндегі шет тілдері мамандары арасында ерекше ауызға алынатын. Сол себепті болса керек, профессор М.Арынға Германияның Берлин университеті мен Аустрияның Вена университетінің құрметті профессоры атағы берілді. Сондай-ақ оның Ыстанбұл мен Каир, Александрия (Мысыр) мен Бонн университеттерінің мінберінде неміс тілінде дәріс оқып, баяндама жасаған санаулы қазақ ғалымының бірі екенін жұрт біле бермейді.

Бүгінгі күні көрнекті ғалым М.Арынның институтқа университет мәртебесін беру, металлург мамандарын дайындау, жалпы жоғары білім беру мерзімін төрт жылға өзгерту туралы көптеген бастамаларының жүзеге асқаны бізді қуантады. Білікті басшы Еуропа елдеріне ыссапарлары кезінде жоғары оқу орнындағы білім беру жүйесімен танысқаннан кейін, туындаған жекелеген ойларын институтқа енгізуге тырысатын. Қазіргі уақытта ол ойы жүзеге асып, Қазақстан Еуропалық елдердің білім беру жүйесіне интеграцияланды десек қателеспейміз. 2009 жылы институт Болонья қаласындағы Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойып, еуропалық білім кеңістігіне енді.

Қазіргі таңда университеттің түлектері еуропалық білімнің кеңістігінде де үлкен белестерді бағындырып жатқанын мақтанашпен айтуға болады. Жаһандану заманында ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлген М.Арын: «Қазір бізге нақтылық, концептуалдық мәселелерді шешу жолындағы мақсаткерлік іс-қимыл жетіспейді. Біз әдетте мода куумен әуестенеміз. Мәселен, шет мемлекетке бала жіберген дұрыс шығар, бірақ сол арқылы барлық мәселені шешіп аламыз деу — қате. Екіншіден, қанша дегенмен өз ортамызда тәрбиеленбегеннен кейін, ұлттық дәстүр мен ұлттық психологияны бойына сіңірмегеннен кейін одан

тәуір маман шығады деу қиын. Әуелі өзін танып алып, сосын барып өзгелерді танысын», — деген пікірі қазіргі қоғамды сипаттап отырған секілді көрінеді», — делінген мақалада. Мұхтар Ғалиұлы Арынның өмірінің ең жарқын тұсы Ақтөбе педагогикалық институтымен байланысты деуге болады. Ол педагог мамандар даярлайтын оқу орнын бүгінгі беделді, іргелі білім ордасына айналуына негіз салды. Ақтөбе өңірінің рухани ортасын құрды.

...Маған да (автор) Мұхтар аға Арынмен екі рет жүздесу бұйырыпты. Ойлап отырсам, екі кездесуден өшпес әсер алыппын. 83-84 жылдар болуы керек, шілде айы, Алматыдан Ақтөбе телеарнасына, елге, өндірістік практикаға келдік. Екі қызбыз. Телеарна басшылығы қолымызға қатынас қағазын беріп, ректор М.Арынға барып, пединституттың жатақханасына орналасындар деп жазберді. Қабылдау бөлмесінде көп отырып қалдық. Қарбалас күнге тап келдік пе, әлде ректордың жұмыс ритмі солай ма, әйтеуір оған бірінен соң бірі кіріп, адам толастамады. Қызметтестері шығар, әйтеуір еркін кіріп, еркін шығып жатыр. Тапжылмай отырысымыз сағаттай бастады. Менің шыдамым таусылып, қасымдағы құрбыма «Жүр, кіре берейік, осылай отыра берсек, кешке дейін отырармыз» дедім де, кібіртіктеген оны көндіріп, ректордың кабинетіне кіріп бардық. Кірімізден шығуымыз тез болды. «Қуып шықты». «Кетейікші, не қылған тәртіпсіз жер, кезекпен кіру деген жоқ, күнімізді жоғалттық» деп, ызаға булыққан маған басу айтып, құрбым қолымнан ұстап отырды. 10-15 минуттан соң ректордың өзі шығып, «Айналайындар, кіре қойындар» деп тұр. Мәселемізді шешті, сосын біраз әңгімесін айтты. Оқу-тоқуымызды сұрады. Біз айтқан ақпараттарға да қызығып отырғаны байқалды. Енді кеткіміз келмей қалды. Екінші кездесу РИКА телекомпаниясындағы жағдарламаға спикер ретінде қатысу сәтінде болды. Уақыт талабына орай хабар екі тілде қатар жүретін. Жүргізуші жалғыз мен. Мұхтар Ғалиұлы жағдайға қанық, пікірін екі тілде беріп отырды. Мәселе Ақтөбе қаласының қазақша аталуына байланысты өткір тақырып еді. Спикер құр сөзбен емес, нақты аргументтермен, ғылыми түрде дәлелдеп айтты. Хабар тікелей эфирде болғасын, сұрақтар көп болды. Шамды тақырып. Қаланың қазақша аталуына қарсылар белсенді. Хабар барысында қиналып кеткенімде, демеп қояды. Жүзі жабырқаулы, шаршаңқы еді. Алайда көркем тұлғасы мен сымбатты жүзі, жұмсақ қоңыр дауысы жанындағыларға сенім беріп, қаққан болғандай. Бұл 1995 жыл болатын. Көп ұзамай асыл ағаның қайтыс болғанын естідік. Екі кездесу ойласам Мұхтар Арынның Ақтөбе жеріндегі қызметінің басы мен аяғында болған екен. Ұмытылмас жылу сыйлаған әдемі сәттер екен ғой...

Гүлнара Қараша

ҚСЫ КӨРДІ



осы жерді қазақтандыруға атсалысты. Бұл жерде ол кісіге қарсы шыққан азаматтар да болды. Алайда халық ол кісіні жақсы көрді. Мұханаң елдің сүйіспеншілігіне бөленді. Ақтөбеге келіп ол қазақтардың басын біріктірді. Ұлттық сана, дәстүрге шөліркеген қазақтар бір істі қолға аларда Мұханаңмен кеңесетін болды. Ол өңірде аты ұмытыла бастаған би-батырдың рухын жаңғыртты. Тама Есет, Есет батыр Көтібарұлы, Әбубәкір Кердері, күйші Қазанғапты ел қайта тани бастады. Жоғары оқу орнына Құдайберген Жұбановтың атын беруді қолға алып, нәтижесіне жеткізді. Жұбановтар ұрпағын Ақтөбеге шақырып, конференция өткізді. Құдайберген Жұбановтың ұлы Есет Жұбановты қызметке алды. Ол жақсы жар болды. Жары екеуіне қарап, ерлі-зайыпты арасында соншама үйлесім, жарастық болатынына қызығатынбыз. Ол тамаша әке де болды. Балаларын дұрыс тәрбиеледі. Егіз ұлы Ерлан мен Нұр-

дықтан, Мұханаң Ақтөбеде ұлттық рухтың тауы боп мәңгі тұра бермек. Бірге қызмет істеп жүрген жылдарда ол былай дейтін: «Ертең жұрт Арыновты ректор болды, учебный планы қатырып жасады, студенттерді керемет оқытты деп айтпайды. Арынов Тама Есет батырдың тойын өткізді, Есет Көтібарұлына ескерткіш орнатты, Әйтеке биді, басқа да көрнекті тұлғаларды ұлықтады деп айтады — деген еді. Сол айтқаны айна қатесіз келді. Ел М.Арыновты осы қырынан бағалап, аса құрметтейді», — деді. Университеттің басқарма төрағасы-ректордың міндетін атқарушы, тарихшы, профессор Рахым Бекназаров облыстық «Ақтөбе» газетінде Мұхтар Арын жайлы «Дара тұлға» атауымен көлемді мақаласын жариялады. Онда ғұлама ұстаздың көпшілікке мәлім емес тұстары да көрсетілгені.

«Мұхтар Арын өз елінің патриот азаматы ретінде жақсы жаңалық, озық үлгіні елге әкелуге тыры-

☑ Significant date

31 мамыр — XX-ғасырдағы ашаршылық құрбандары мен нақақтан жала жабылып, атылған Алаш Орда қайраткерлерін еске алатын қастерлі де қасиетті күн. Бұл — халқымыздың басынан көшкен нәубет жылдардың құрбандарына құрмет көрсетіліп, рухтарына дұға бағышталатын аза тұту күні.

Қаймана қазақтың қамы үшін жанын пидә еткен Алаш Орда қайраткерлері бір ғасырдың азығына татырлық іс бітіріп кетті.

Бағдарламалық құжат жасап, барлық қазақтың басын біріктіріп, автономия құруға жан-тәнін салды, қазақтың азаттығын аңсады. «Тірі болсақ алдымызда үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізігін өзінде бөлек мемлекет болар» деп сенген XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері ішіндегі ерекше тұлға, Алаш қозғалысының көшбасшысы, Алашорда автономиялық үкіметінің төрағасы, публицист, аудармашы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866—1937) бастаған саңлақтарға азат күнді көру жазбады. Алаштың көрнекті өкілі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін шығарып, білім мен ілімді дәріптеді. Жаһанша Досмұхамедов Алашорданың Батыс бөлімшесінің төрағасы болды, Мұстафа Шоқай бүкіл түркі халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындап берді. Міржақып Дулатов «Оян, Қазақ!» деп ұрандап, Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып, күн болам!

Барлық құжаттар еліміздің орталық және өңірлік архивтерінен алынды. Басқа мемлекеттердің архивтерінде сақталған деректер де жинаққа енгізілді. Соның нәтижесінде бұрын қолға түсіру қиын болып келген және бұған дейін жарияланбаған бірқатар мәліметтер көпшілік үшін қолжетімді болып отыр. Жаңа туынды университеттерге, ғылыми зерттеу институттарына және орталық, өңірлік кітапханаларға жіберіледі.

Жалпы, ашаршылықтың зардабы ұлтымыз үшін өте ауыр болғаны белгілі. Бұл бағытта ашылмаған ақиқаттар мен жазылмаған жайттар әлі де аз емес. Сондықтан Президентіміз осы тақырыпты зерттеу туралы нақты тапсырма берген еді. Соның аясында Сенат ақпан айында ауқымды дөңгелек үстел өткізді. Бүгін таныстырылған еңбекті сол іс-шараның нәтижесі және Сенаттың ашаршылықты зерттеуге қосқан нақты үлесі деп айтуға болады.

Осы ретте, бар болғаны үш-ақ айдың ішінде мыңнан астам архив құжаттарын жинап, құнды дүние дайындаған авторлардың еңбегін ерекше атап өткім келеді» деген жазба жариялады. Сондай-ақ елдік мүдде жолында аянбай жұмыс істеген республикалық комиссия-



ҚҰРМЕТ

бандарының барлық санаттарына қатысты тарихи әділеттілікті толық қалпына келтіру. Материалдарға жан-жақты әрі кешенді зерделеу жүргізгеннен кейін, халықаралық тәсілдер мен стандарттар негізінде толықтай заңды, ал жекелеген санаттарға қатысты — қуғын-сүргін құрбандарын саяси ақтау жоспарланып отыр. Кіші комиссияның төрағасы құпия грифті құжаттарға талдама жасалып жатқанын айтты. «Орталық құқық қорғау мекемелерімен бірге өңірлердегі архивтердегі құпия құжаттардың нақты санын анықтап жатырмыз. Ішкі істер органдарының мұрағаттарында сақтауда 1920-1950 жылдар аралығындағы құпия мұрағаттық материалдар бар, олардың жалпы саны — 172 462. Оның ішінде ақтауға жатпайтын тұлғалардың қылмыстық істері — 13 187. Сот органдары ақтап шыққан азаматтарға қатысты 122 836 қылмыстық іс бар. Ресми мәлімет осындай. Мен комиссия жұмысында бірінші кезекте мынадай мәселе көтердім. Әлі күнге дейін саяси қуғын-сүргін құрбандарының нақты статистикасы жоқ. Жобалап, жалпылама ғана айтылады. Қанша адам репрессияға ұшырады десеңіз, 100 мыңға жуық дейді. Нақты сан жоқ. Ондай бола ма? Мен солардың бәрін тізбелеп шығарайық деген ұсыныс айттым. Әзірге пікірталас болып жатыр. Қазір қолданыстағы заңмен ақтауға болатындардың нақты санын шығарып алу керек. Кейін қатары тағы көбейтіледі. Мысалы, «АЛЖИР» құрбандарының бәрін тізбелеп шығардық қой. Сол сияқты репрессия құрбандарын неге шығара алмаймыз? Атылғандардың да санын нақтылау керек. 25 мың ба, 30 мың ба? 1928-32 жылдар арасында 372 көтеріліс болған деп жүрміз. Архивтен қарасақ, 372 көтеріліс 1931 жылдың күзіндегі дерек қана екен. Голощекиннің баяндамасында солай жазылған.

Ал 1932 жылы тағы да көтерілістер болды. Сонда 400-ге нақты жететін түрі бар. Сол 400 көтеріліске 80 мыңдай адам қатысқан дейді. Оның да тізімін шығаруға болады. 80 мың адамның қаншасы атылғаны да бар. 1993 жылғы заңнан кейбір баптарды алғызып тастасақ деген ұсыныстар бар. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының категорияларын кеңейтеміз, сонда, мысалға, «бандит» атанған боздақтар, жер аударылғандар қосылады. Қызыл әскер ауылға кіргенде бейбіт тұрғындарды қырған кездер көп болған. Сол бейбіт құрбандардың есімін де жарыққа шығару керек», — деді Берік Әбдіғалиұлы.

Бытырғы, 24-қарашада ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығына сәйкес Ақтөбе облысында да өңірлік комиссия құрылып, жұмыс жоспары бекітілді.

Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивте өткен ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына қатысты 22 мың іс бар. Осы істерді зерттеуге Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің бір топ ғалымдары тартылып отыр. Зерттеушілер 5 топқа бөлініп жұмыс жасауда. Топтарға жетекші ретінде белгілі қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталы, Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университеті ректорының міндетін атқарушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Рахым Бекназаров, Қазақстан өлкетанушылар одағының облыстық филиалының төрағасы Бекарыстан Мырзабай, тарих ғылымдарының докторы, профессор Гүлбану Избасарова, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Асылбек Мәден тағайындалған.

Кенес өкіметіне қарсы көтерілістерге, толқуларға қатысқаны неме-



Қараңғылықтың көгіне, Күн болмағанда, кім болам?» деп халықты жігерлендірді.

Айтулы дата қарсаңында Сенатта Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жарық көрген «Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Деректі хроника» атты жаңа еңбек көпшілікке таныстырылды. Бұл туралы Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев Facebook парақшасында жазды. «Үш томдық кітапта зобалаң жылдарға қатысты тың деректер мен тарихи құжаттар жинақталған. Олар ашаршылықтың алғышарттары және трагедиялық салдары туралы мәліметтерді қамтиды.

ның ішінен құрылған Жабық архив қорларын кезең-кезеңімен құпиясыздандыру жөніндегі кіші комиссияның төрағасы, Мәжіліс депутаты Берік Әбдіғалиұлына алғысын білдірді. Өз кезегінде Б.Әбдіғалиұлы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы құжаттарды құпиясыздандыру жұмыстары басталғанын, бұл бағытта мемлекеттік комиссия құрылып, мақсаты — орнықты шешім қабылдап, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы жоғары кәсібилік пен әділдікке қалтқысыз қызмет ету екенін баяндады. Комиссияның басты міндеті — кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құр-

се көтерілістерді қолдағаны үшін қудалауға ұшыраған, ұжымдастыру және басқа да саяси науқандардың құрбаны болған жандарға қатысты істерді зерттеп-зерделеу жүктелген топты басқаратын Гүлбану Болатқызы Ізбасарова.

Гүлбану Болатқызы Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде Тарих және дінтану кафедрасына жетекшілік етеді. Ол «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы бойынша халықаралық стипендиясының жеңімпазы атанып, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде докторлық диссертациясын қорғап келді. Тарих ғылымдарының докторы Г.Ізбасароваға жақында Қа-

топтыратын, «Архив – 2025» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың бір бөлігі болып табылады. Зерттеу кеңестік кезеңдегі қазақ хандарының, сұлтандарының, батырларының, билерінің, қазақ зиялыларының саяси портреттерін қайта жасауға бағытталған. Осы ауқымды міндеттерден тыс ол саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия санатында ел мүддесі үшін еңбектеніп жатыр.

Ел тарихындағы ең азалы кезеңге байланысты ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні Қазақстан халқына үндеу жариялады. Үндеу

тарлық жүйенің шексіз қатігездігін үнемі еске салып тұратын тарихи мемориалды кешендер ашылды.

Зұлмат заманда тұтас халықтар қудалауға түсті. Туған жерінен зорлықпен көшірілген бес миллионға жуық адам қасиетті қазақ жерінен пана тапты. Қазақстан олардың құтты мекеніне айналды.

Ұлтымыз алапат аштықтың зардабын тартып, орны толмас шығынға ұшырады. Шектен шыққан ұжымдастыру науқаны Ұлы даланы бұрын-соңды болмаған ауқымды гуманитарлық апатқа ұрындырды.

Халқымыз небір зобалаңды көрсе де рухын аласартқан жоқ. Бірлігін бекемдеп, ынтымағын арт-

рухына тағзым етіп, есімдерін мәңгі есте сақтаймыз.

Тарихтан тағылым алып, мұндай тауқымет ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасайтын боламыз»- делінген үндеуде.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау Ақтөбе өңірлік комиссия төрағасы, облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет

— Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мақсатымен зерттеу жұмыстарын жүргізу бірнеше ай уақытпен шектелетін науқан емес, зерттеу жұмыстары бірнеше жылға созылуы мүмкін. Көріп отырғанымыздай, архивтерде бұл кезеңге қатысты істер өте көп, бір ғана қордың өзінде жүздеген іс бар.

КӨРСЕТЕТІН КҮН

зақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Ғылыми атақ беру туралы» 2021 жылғы 10-наурыздағы №219 бұйрығымен Тарих мамандығы бойынша «Профессор» ғылыми атағы берілді.

Сонымен қатар биыл Ізбасарова Гүлбану Болатқызы өзінің «XVIII — XX ғғ. 30-жж. Ұлы даланың тарихи тұлғалары (Батыс Қазақстан материалдарында)» ғылыми жобасын дамытуға ҚР БҒМ грантын жеңіп алды. Ғалымның бұл жұмысы Кеңестік Қазақстанның империялық және бастапқы кезеңі тарихындағы олқылықтың орнын

akorda.kz сайтында орналасқан.

«Құрметті отандастар!

Бүгін, 31 мамыр – ел тарихындағы ең азалы кезеңнің бірін еске алу күні.

Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси қуғын-сүргін Кеңес Одағы дәуіріндегі миллиондаған азаматтың тағдырына таңба салды. Қазақстанда жүз мыңнан астам адам жазықсыз сотталып, оның төрттен бірі өлім жазасына кесілді.

Еліміздің аумағында он бір еңбекпен түзеу лагері болды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қасірет мекені КАРЛАГ пен АЛЖИР-де тотали-

тыра түсті.

Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін біз арыстарымызды ақтауға кірістік. Кезінде жазықсыз жазаланған мыңдаған азаматтың есімін ел жадында жаңғырттық.

Былтыр қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тиіс. Бұл – мемлекеттің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның парызы.

Төл шежіреміздегі қайғылы кезеңдерді ұлттық бірегейлігімізден бөле-жара қарау мүмкін емес. Сондықтан, біз саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының

Сондықтан зерттеушілер қатарын көбейту жөніндегі ұсыныстар түсіп жатыр, өте орынды. Мемлекеттік комиссияға бұл жөнінде өз тарапымыздан ұсыныс әзірлейміз. Сондай-ақ саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау мәселесі жұртшылыққа кеңінен насихатталуы керек. Бұқаралық ақпарат құралдарында материалдар жарияланып, мәдениет мекемелерінде online түрінде шаралар ұйымдастырылуы тиіс. Жұртшылыққа қозғау салса, өз ата-бабаларының тағдырына қатысты қолдарындағы мәліметтермен бөлісетін болады, — деді ол.

Дайындаған
Гүлнара Қараша



 **Best**


Zhubanov University в пятерке лидеров в Национальном Рейтинге лучших вузов Казахстана. И это мнение 16 тысяч экспертов. Именно такое число для определения лучших анкетировали в этом году. Отбор проводили среди 33 университетов страны, которые также вошли в список благодаря высокой итоговой оценке, выше 33%.

Радостную новость единственного регионального вуза области сообщил на брифинге для СМИ в региональной службе коммуникации и.о. Председателя правления - ректора Актюбинского регионального университета Zhubanov University Рахым Бекназаров.

Лидирующие позиции в Национальном рейтинге ВУЗ держит последние несколько лет. «Наш университет в этом году занял 4 место в Национальном рейтинге. В прошлом году мы оказались в пятерке рейтинга Национальной палаты предпринимателей «Атамкен» среди 42 вузов. Также в 2020 году мы заняли №351 – 400 позицию QS ECA Rankings (Восточная Европа, Центральная Азия). Для нас это большие достижения», - рассказал руководитель ВУЗа.

На сегодня в Zhubanov University обучается более 15 тысяч студентов. Функционируют для их обучения 8 факультетов, 23 кафедры, 6 научно-исследовательских центров и лабораторий. Весь учебный процесс основан на образовательных программах: 79-бакалавриата, 41-магистратуры и 6-докторантуры.

Университет в тесном сотрудничестве со 150 вузами мира. Успешно реализуется программа дублированного образования с университетом Экономического города Быдгощ Польши, нефтяным университетом Китая, университетом Кастомону Турции.

В организованном при Zhubanov University Высшем колледже учащиеся получают образование по 14 специальностям. «ВУЗ систематизирует работу согласно потребностям рынка труда. На основании предложений работодателей внедрили новые образовательные программы и траектории. Ведется подготовка педагогических кадров по смежным специальностям для малокомплектных школ области. По специальностям направления «Білім» осуществляется многоязычное обучение», - ответил на вопрос журналистов о решении ВУЗом кадрового дефицита в регионе профессор Рахым Бекназаров.

Профессорско-преподавательский состав Zhubanov University насчитывает 655 педагогов. 41,4% из них имеют ученую степень: 20 докторов наук, 185 кандидатов наук, 20 PhD докторов и 259 магистров.

19% преподавателей ведут занятия на английском языке. Рахым Бекназаров рассказал и о достижениях коллег: «В прошлом году наши ученые стали соискателями 10 грантов на общую сумму 70 миллионов тенге Министерства образования и науки РК по фундаментальным и прикладным исследованиям. В этом году мы выиграли 14 грантов на сумму 162 миллиона тенге. Это говорит о высоком научном потенциале коллектива». Благодаря быстрому реагированию преподавателей новым требованиям образования во время пандемии, ВУЗу удалось отстоять позиции и продолжить успешное обучение студентов. Дистанционно читать лекции, вести практические занятия и экзаменовать обучающихся стало обыденностью для педагогов. К слову, на этот прогресс повлияла и хорошая цифровая подготовленность. Уже 3 года работники и студенты университета пользуются простым и функциональным приложением SmartARSU. Порядка 14 тысяч пользователей за это время заказали 85 тысяч онлайн услуг. Спектр последних очень широкий. Прямо из телефона можно бронировать место в общежитии, получить расчетный лист, справки об обучении, работе, оплате, транскрипт, подать заявление на отчисление, изменить данные, апелляционные запросы на пересмотр итогов государственных экза-

менов, проводить анкетирование студентов, оформлять направления на работу, получить электронный студенческий билет, мониторить посещаемость и другое. С 2020-2021 учебного года в приложении Smart ARSU появился дополнительный модуль «Студенческий парламент». Он позволяет систематизировать работу Студенческого парламента, формировать активную студенческую базу, регистрироваться в студенческих клубах и кружках.

В ходе брифинга Рахым Бекназаров обратил внимание журналистов на мощную материальную базу Zhubanov University - 6 учебных корпусов, библиотечная сеть, 4 Дома студентов, студенческая поликлиника, 3 спортивных комплекса, 5 спортивных площадок, 3 спортзала, оборудованные учебные кабинеты, именнные аудитории, IT состав и лаборатории, аллеи, Дворец студентов, Дворец молодежи, общепиты, центр детского развития «Зерек», центр социализации «Сенім» и Парк инноваций.

В завершении брифинга профессор Рахым Бекназаров пожелал удачи выпускникам школ и успешной сдачи ЕНТ. Zhubanov University ждет абитуриентов для предоставления качественных образовательных услуг и создания счастливой студенческой жизни.

Айерке Султанбекова

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА АЯҚТАЛДЫ

Білім додасына еліміз бойынша 1500 оқушы қатысты. Нәтижесінде 40 ақтөбелік оқушы жүлдегер атанды. Қоржынына 8 алтын, 7 күміс, 25 қола медаль салған олар «Ең үздік олимпиадалық команда-2021» атанды. Білімді жастар облыс әкімінің орынбасары Бұлбұл Елеусинованың қабылдауында болып, құттықтауы мен марапатын алды. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Олимпиада жеңімпаздарына online арнау жолдады. Олардың ата-аналарына Алғыс хат жіберді. «Жалпы олимпиаданың республикалық кезеңінде 700-ге жуық оқушы жүлделі орындарға ие болды. Бұл біздің балаларымызды білім нәрімен сусындататын ұстаз еңбегінің жемісі деп білемін. Сондықтан мұғалімдерге ризашылығымды білдіргім келеді. Баласына үнемі қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар беретін ата-ана да маңызды рөл атқарады. Осы ретте дарынды оқушылардың ата-аналарына жас ұрпаққа берген тәрбиесі үшін алғыс айтамын. Марапаттау рәсімі аяқталғаннан кейін бір сағаттың көлемінде оқушылармен әңгімелестік. Олар қызықтыратын сауалдарын қойып, өз идеяларымен бөлісті. Әңгіме барысында білім алушылардың ұсыныстарын тыңдап, сұрақтарына жауап бердім. Биыл пандемия жағдайында Олимпиада «бір қатысушы – бір компьютер – бір камера» қағидаты бойынша



письма их родителям. «В целом на республиканском этапе олимпиады около 700 учащих-ся заняли призовые места. Я считаю, что это результат работы педагогов, который дают нашим детям знания. Поэтому я хочу поблагодарить учителей. Родитель, который постоянно поддерживает и направляет своего ребенка, также играет важную роль. Одновременно благодарю родителей талантливых учеников за воспитание подрастающего поколения. Мы

Bulbul Eleusynova, received congratulations and awards. The Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan sent an online appeal to the winners of the Olympics and letters of thanks to their parents. "In general, at the republican stage of the Olympiad, about 700 students won prizes. I believe that this is the result of the work of teachers, which gives our children knowledge. Therefore, I want to thank the teachers. A parent who consistently supports and guides their child also plays an important role. At the same time, I thank the parents of talented students for educating the younger generation. We talked to the winners for an hour after the awards ceremony. They asked interesting questions and shared their ideas. During the conversation, I listened to the students' suggestions and answered their questions. This year, amid a pandemic, the Olympics were held in a new electronic format on the principle "one participant - one computer - one camera". To ensure the transparency of the Olympiad, observers were involved in all regions. The intellectual competition was also broadcast online, "Minister Askhat Aimagambetov said. It is worth noting that according to the results of the Republican Subject Olympiad, 6 schools of the region entered the 100 best schools in the country. The boarding school «Bilim-Innovation» was awarded the title of «Best Olympic School-2021».



жаңа электрондық форматта өтті. Барлық қатысушы тапсырмаларды бір мезетте алып, ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында барлық өңірде олимпиадаға бақылаушылар тартылды. Сондай-ақ зияткерлік байқау online режимде көрсетілді», — деді министр.

Айта кетсек, Республикалық пәндік Олимпиада қорытындысы бойынша өңірдің 6 мектебі еліміздің 100 ең үздік мектебі қатарына қосылды. «Білім-Инновация» лицей-интернаты «Үздік олимпиадалық мектеп-2021» атағына қол жеткізді.

ЗАВЕРШИЛАСЬ РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ПРЕДМЕТНАЯ ОЛИМПИАДА

В конкурсе приняли участие 1500 школьников со всей страны. В результате победителями стали 40 участников из Актобе. Они завоевали 8 золотых, 7 серебряных и 25 бронзовых медалей и были названы «Лучшей олимпийской командой-2021». Умную молодежь пригласили на прием заместителя акима области Булбул Елеусиновой, получили поздравления и награды. Министр образования и науки Республики Казахстан Асхат Аймағамбетов направил онлайн-обращение победителям Олимпиады и благодарственные

разговаривали с победителями целый час после церемонии награждения. Они задавали интересные вопросы и делились своими идеями. В ходе беседы я выслушал предложение школьников и ответил на их вопросы. В этом году в условиях пандемии Олимпиада проводилась в новом электронном формате по принципу «один участник - один компьютер - одна камера». Для обеспечения прозрачности олимпиады были задействованы наблюдатели во всех регионах. Интеллектуальное состязание также транслировалось онлайн», — сказал министр.

Стоит отметить, что по итогам Республиканской предметной олимпиады 6 школ области вошли в 100 лучших школ страны. Лицей-интернат «Білім-Инновация» удостоен звания «Лучшая олимпийская школа-2021».

THE REPUBLICAN SUBJECT OLYMPIAD HAS ENDED

The competition was attended by 1,500 schoolchildren from all over the country. As a result, 40 participants from Aktoбе became the winners. They won 8 gold and 25 bronze medals and were named «Best Olympic Team 2021». Smart youth were invited to the reception of the deputy akim of the region,

ИНСТИТУТ КОНФУЦИЯ
при Актобинском региональном университете имени К. Жубанова

**ОБЪЯВЛЯЕТ
НОВЫЙ НАБОР**

НА КУРСЫ
КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА
ВСЕХ УРОВНЕЙ

Запись по телефону
+7 702 625-55-10
+7 771 293-51-64

Дневные и вечерние занятия
Подготовка к экзаменам HSK и HSKK

Уроки китайской культуры

Гранты на обучение в Китае

Летний языковой лагерь в Китае

Занятия ведут преподаватели из вузов Китая
Наш адрес: г. Актобе, пр. А. Молдагуловой 34, АРУ
им. К. Жубанова корпус «Института Конфуция», 2-этаж.
http://confucius.arsu.kz
e-mail: arsu.conf@gmail.com
@zhubanov_confucius

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news

90 ЖАСТАҒЫ ДӘРІГЕР YOUTUBE АРНА АШТЫ

Отандық денсаулық сақтау саласындағы аңыз адам, гигиенист-нутрициолог ғалым, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ



тағамтану академиясының президенті, академик Төрегелді Шарманов өткен жылы 90 жасқа толған еді. Facebook әлеуметтік желісінде белсенді қарт дәрігер енді YouTubeде Тағамсаулық арнасын ашып, тағы таңқалдырып отыр.

Қазақ тағамтану академиясының басшысы Төрегелді Шарманов дұрыс тамақтанудың маңыздылығын өз өміріне сүйеніп, дәлелдеп жүр. Ол жастардың денсаулығына алаңдаулы. Оның айтуынша, қазір 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында семіздік көбейіп барады. Әсіресе, фаст-фуд өнімдерін, дайын тамақты алатындардың арасында жиілеп кеткен.

— Мүмкіндігінше дұрыс тамақтану, кейбір тағамдардың құрамындағы зиянды заттардың денсаулыққа кері әсері жайлы түсіндіріп, танымдық насихат жұмыстарын көбейту керек. Транс май қышқылы бір ғана тағамда жоқ, биенің сүтінде. Оны қайнатпайды, пастерлемейді. Табиғаты таза. Құрамында пайдалы микроэлементтер көп. Майы мен ақуызы тез сіңеді, нәрлі.

Ол семіздікке апармайды, диабетке жеткізбейді. Жүрек-қан тамыр ауруларының алдын-алуға бірден-бір пайдалы тағам осы. Ал, сиырдың сүтінде табиғи транс май қышқылы бар, — деп ескертті Төрегелді Шарманов.

Ол пандемия кезіндегі тамақтану мен гигиенаның ролі туралы да жиі айтып келеді. «Айран, қымыз және жылқы еті коронавируспен күресте адам иммунитетіне жақсы әсер етеді», — дейді қарт дәрігер.

90-ЛЕТНИЙ ВРАЧ ЗАПУСТИЛ КАНАЛ НА YOUTUBE

Человек-легенда отечественного здравоохранения, гигиенист-диетолог, ученый, доктор медицинских наук, профессор, заслуженный деятель Казахстана, президент Казахской академии питания, академик Торгельды Шарманов в прошлом году отметил 90-летие. Пристарелый врач, активно работающий в Facebook, теперь запустил канал о питании на YouTube.

Глава Казахской академии питания Торгельды Шарманов доказывает важность правильного питания исходя из собственной жизни. Он озабочен здоровьем молодежи. По его словам, ожирение растет среди подростков 11-15 лет. Заболевание особенно распространено среди тех, кто покупает фастфуд и готовые блюда. «По возможности необходимо повышать осведомленность о негативном влиянии вредных веществ некоторых продуктов на здоровье. Трансжирные кислоты не встречаются только в одном продукте, в кобыльем молоке. Его не варят и не пастеризуют. От природы чист. Содержит много полезных микроэлементов. Жиры и белки быстро усваиваются и питательны. Это не приводит к ожирению или диабету. Кобылье молоко — единственная полезная еда для профилактики сердечно-сосудистых заболеваний. А коровье молоко содержит натуральные транс-

жирные кислоты», — говорит Торгельды Шарманов. Он также часто говорит о роли питания и гигиены во время пандемии. «Кефир, кумыс и конина положительно влияют на иммунную систему человека в борьбе с коронавирусом», — утверждает врач.

90-YEAR-OLD DOCTOR LAUNCHED A YOUTUBE CHANNEL

The man-legend of domestic health care, hygienist-nutritionist, scientist, doctor of medical sciences, professor, honored worker of Kazakhstan, president of the Kazakh Academy of Nutrition, academician Torgeldy Sharmanov celebrated his 90th anniversary last year. The veteran Facebook doctor has now launched a nutritional YouTube channel. The head of the Kazakh Academy of Nutrition, Torgeldy Sharmanov, proves the importance of proper nutrition based on his own life. He is concerned with the health of young people. According to him, obesity is growing among adolescents 11-15 years old. The disease is especially common among those who buy fast food and ready-made meals. «Whenever possible, it is necessary to raise awareness about the negative impact of harmful substances of certain foods on health. Trans-fatty acids are not found in only one product, in mare's milk. It is not boiled or pasteurized. Naturally pure. Contains many beneficial microelements. Fats and proteins are quickly absorbed, and nutritious. This does not lead to obesity or diabetes. Mare's milk is the only healthy food for the prevention of cardiovascular diseases. And cow's milk contains natural trans fatty acids, «says Torgeldy Sharmanov. He also speaks frequently about the role of nutrition and hygiene during a pandemic. «Kefir, koumiss and horse meat have a positive effect on the human immune system in the fight against coronavirus,» the doctor said.

ШҰБАТТАН ЖАСАЛАТЫН БАЛМҰЗДАҚ

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің «Маркетинг» білім бағдарламасын бітірушілер шұбаттан жасалатын балмұздақ өнімін өндіру мен өткізу бойынша маркетинг жүйесін ұсынды. Бұл істі олар кешенді дипломдық жоба ретінде зерттеп, сәтті қорғап шықты. Жас маркетингтер шұбаттан жасалатын балмұздақ өнімін дайындаудың теориялық практикалық негіздемелерін әзірлеп, балмұздақтың бұл түрін өндірудің экономикалық тұжырымдамасын дайындады. Сондай-ақ өндірілген өнімдерді Ақтөбе қаласы нарығында сатуды ұйымдастыру үшін тұтынушыларының нарық сегментін анықтады. Ол үшін шипажай, мейрамхана нарықтарына маркетингтік зерттеулер жүргізіліп, болашақта сатып алынатын балмұздақтардың үлесі анықталды. Жалпы Ақтөбе қаласында өндірілетін балмұздақ нарығына маркетингтік зерттеулер жүргізіліп, қорытынды ұсыныстар берілді. Шұбаттан жасалатын балмұздақ өнімін өткізу мақсатында digital маркетинг пен өнімді маркетингті қолдану механизмдері ұсынылды. SMM маркетингін қолдану арқылы тауарларды өткізу негіздемелері де әзірленді. Тіпті болашақта тауарды сынақтан өткізу үшін алғашқы партиясы жасалынған кезде және өнімді нарықта сатуда қолданылатын жаңа балмұздақ өнімінің ыдысының логотипі, атауы да дайын. Тың жобаның кәсіби деңгейде әзірленуіне, нәтижелі аяқталуына жетекшілік жасаған тәжірибелі маман, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.К.Басшиева.



МОРОЖЕНОЕ ИЗ ШУБАТА

Выпускники образовательной программы «Маркетинг» Актобинского регионального университета имени Жубанова представили маркетинговую систему по производству и реализации мороженого из шубата. Они изучили и успешно защитили это дело как комплексный дипломный проект. Молодые маркетологи разработали теоретические и практические основы производства мороженого из шубата, экономическую концепцию. Также определили рыночный сегмент потребителей для организации продаж произведенной продукции на рынке Актобе. Было проведено маркетинговое исследование санаториев и ресторанов, определена доля покупаемого в будущем мороженого. Также проведены маркетинговые исследования и даны окончательные рекомендации по рынку мороженого Актобе. Для реализации мороженого из шубата использованы механизмы digital маркетинга и ментального маркетинга. Также разработано обоснование продажи товаров с использованием SMM-маркетинга. Готовы даже

логотип и название контейнера нового мороженого, которые будут использоваться в будущем при изготовлении первой партии для тестирования и продажи на рынке. Опытный специалист, кандидат экономических наук, доцент Басшиева Ж.К. курировала профессиональную подготовку и успешное завершение уникального проекта.

SHUBAT ICE CREAM

Graduates of the educational program «Marketing» of Aktobe Regional University named after Zhubanov presented a marketing system for the production and sale of ice cream from shubat. They studied and successfully defended this case as a complex graduation project. Young marketers have developed a theoretical and practical basis for the production of ice cream from shubat, an economic concept. We also identified a market segment of consumers for organizing sales of manufactured products in the Aktobe market. A marketing study of sanatoriums and restaurants was carried out, the share of ice cream purchased in the future was determined. Also, marketing research was carried out and final recommendations were given on the Aktobe ice cream market. The mechanisms of digital marketing and mental marketing are used to sell ice cream from shubat. The rationale for selling goods using SMM marketing has also been developed. Even the logo and the name of the container of the new ice cream are ready, which will be used in the future in the manufacture of the first batch for testing and sale on the market. An experienced specialist, candidate of economic sciences, associate professor Basshieva Zh.K. supervised training and the successful completion of a unique project.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

АРАЙЛЫ АҚТӨБЕ


Еліміздің батысындағы ең ірі қала Ақтөбеге 152 жыл толды. Ақтөбе қаласы — өндірісі, өнеркәсібі дамыған, инфрақұрылымы үйлескен көркем мекен. Айтулы датамен ақтөбеліктерді қала әкімі Асхат Шахаров құттықтады. «Екі ғасырдың куәсі болған шаһарымыздың мерекесі әр ақтөбеліктің жүрегінде қаламызға деген ыстық ықыласты оятады. Отаншыл рухымызды көтереді. Бұл қаланың даму жолында өлшеусіз еңбек еткен ардагерлер мен болашақ үшін жауапкершілікті өз мойнына алатын жас ұрпақтың мерекесі деп білеміз. Ақтөбе бүгінде жоғары индустриялық потенциалға және бай мәдени мұраға ие. Қарқынды дамып келе жатқан еліміздегі ең ірі қаланың бірі. Бүгінде оны көркейту үшін ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр және бұл тек бастамасы ғана деп білемін. Жаңа шағын аудандар, заманауи ғимараттар бой көтеріп, қала келбеті жаңарды. Бұл әрине ақтөбеліктердің ортақ еңбегінің нәтижесі. Қымбатты жерлестер! Біздің басты байлығымыз — еңбекқор тұрғындарымыз, қаламызды көркейтуге қосқан үлестеріңіз үшін сіздерге алғысымызды білдіремін. Дана халқымызда «Ырыс

Осылайша 2 284 ақтөбелік отбасы мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен баспаналы болды. Биыл да осы бағыттағы жұмысты жалғастырып, бюджет есебінен 1 418 пәтер беру жоспарланып отыр. Өңір экономикасының өзегі — автокөлік жолдары болып табылады. Облыс орталығындағы жолдарды жөндеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Қала бойынша биыл 36 шақырым автокөлік жолы жөнделмек. Жалпы алғанда ұзындығы 5,7 шақырымға созылатын жаңадан үш жол құрылысын салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, 12,2 шақырым болатын екі нысанды реконструкциялау жобасы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ қосымша қаланың 12 көшесінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жөндеу жұмыстары былтыр басталған кешелер де бар. Осындай ауыспалы жұмыстар нәтижесінде барлығы 45 көше жөнделмек.

СОЛНЕЧНЫЙ АКТӨБЕ

Крупнейшему городу на западе страны Актөбе исполнилось 152 года. Актөбе - регион с развитой промышленностью и инфраструктурой. Аким города Асхат



дием. Это один из крупнейших городов быстро развивающейся страны. Сегодня ведется большая работа по его улучшению, и я думаю, что это только начало. Возведены новые микрорайоны, современные здания, обновлен облик города. Это, безусловно, результат совместной работы жителей Актөбе. Дорогие соотечественники! Хочу поблагодарить вас, наш трудолюбивый народ, за ваш вклад в развитие нашего города. Среди наших мудрых людей есть поговорка: «Ырыс алды - Ынтымақ». Пусть крепнет наше единство! С праздником!» - сказал градоначальник.

Расположенный на перекрестке девяти автомагистралей, красивый город в будущем станет городом-миллионником. Один из важнейших показателей жизни человека - жилье. В связи с этим жилищное строительство в Актөбе стремительно развивается. В прошлом году введено в эксплуатацию 800 тысяч квадратных метров жилья, таким образом, 2284 актюбинские семьи получили жилье с помощью государственных программ. В этом году планируется продолжить работу в этом направлении и за счет бюджета предоставить 1418 квартир. Ядро экономики региона - дороги. Дороги в областном центре регулярно ремонтируются. В этом году в городе отремонтируют 36 км дорог. В целом, в этом году планируется построить три новые дороги общей протяженностью 5,7 км. Кроме того, будет реализован проект реконструкции двух объектов протяженностью 12,2 км, отремонтируют 12 улиц города. Есть и улицы, на которых ремонтные работы начались в прошлом году. В результате будет отремонтировано 45 улиц.

SUNNY AKTOBE

Aktobe, the largest city in the west of the country, is 152 years old. Aktobe is a region with developed industry and infrastructure. Akim of the city Askhat Shaharov congratulated residents on the

significant date. "The holiday of our city, which has survived two centuries, awakens a warm feeling in the hearts of every citizen of Aktobe. It raises our patriotic spirit. We consider it a holiday for veterans who worked tirelessly for the development of the city, and for the younger generation who will take responsibility for the future. Today Aktobe has a high industrial potential and rich cultural heritage. It is one of the largest cities in a rapidly developing country. Today, a lot of work is underway to improve it, and I think this is just the beginning. New microdistricts, modern buildings have been erected, the city's appearance has been updated. This is undoubtedly the result of the joint work of Aktobe residents. Dear compatriots! I want to thank you, our hardworking people, for your contribution to the development of our city. Among our wise people there is a saying: «Yrys aldy - Yntymak». May our unity grow stronger! Happy Holidays! « - said the mayor.

Located at the crossroads of nine highways, the beautiful city will become a millionaire city in the future. One of the most important indicators of a person's life is housing. In this regard, housing construction in Aktobe is rapidly developing. Last year, 800 thousand square meters of housing were commissioned, thus, 2284 Aktobe families received housing through state programs. This year it is planned to continue work in this direction and to provide 1418 apartments at the expense of the budget. Roads are the core of the region's economy. Roads in the regional center are regularly repaired. This year, 36 km of roads will be repaired in the city. In general, this year it is planned to build three new roads with a total length of 5.7 km. In addition, a project for the reconstruction of two facilities with a length of 12.2 km will be implemented, 12 streets of the city will be repaired. There are also streets where renovation work began last year. As a result, 45 streets will be repaired.



алды — ынтымақ» деген мағыналы сөз бар. Ендеше халқымыздың ынтымағы артын, бірлігіміз бекем болсын! Мереке құтты болсын ағайын!», — деді ол.

Тоғыз жолдың торабында орналасқан әдемі шаһар болашақта миллион тұрғыны бар қала болады. Адам тұрмысының ең басты көрсеткіштерінің бірі — баспанасының болуы. Соған байланысты Ақтөбе қаласында тұрғын үй құрылысы қарқынды дамуда. Өткен жылы 800 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Шахаров поздравил жителей со знаменательной датой. «Праздник нашего города, который пережил два столетия, пробуждает в сердцах каждого жителя Актөбе теплое чувство. Он поднимает наш патриотический дух. Мы считаем его праздником ветеранов, неустанно трудившихся на благо развития города, и подрастающего поколения, которое возьмет на себя ответственность за будущее. Сегодня Актөбе обладает высоким промышленным потенциалом и богатим культурным насле-

☑ School graduates-2021

Құрметті түлектер!

Міне, оқу жылы өз мәресіне жетті.

Бұл оқу жылы бүкіл әлемдегі оқушылар мен студенттер үшін оңай болған жоқ.

Әлемдік білім біру жүйесі пандемия сынды үлкен сынақтан өтті. Біз мұғалімдермен бірлесіп отырып білім беру жүйесіне жаңа дем беріп, оларға барынша қажетті жағдай жасауға тырыстық.

Сіздер оқуларыңызды аяқтап жатырсыздар.

Кейбір түлектер жоғары оқу орындарына немесе колледждерге түссе, енді біреулері жұмыс істейді.

Қалай болса да, алдағы уақытта сіздерді жаңа мүмкіндіктер мен жаңа өмір белестері күтіп тұр.

Мектеп бітіріп жатқан кезім әлі есімде. Үлкен өмірге қадам басар алдындағы қорқыныш, уайым, күдік, жоспарлар мен болашаққа деген үміт.

Ол кезде іс жүзінде бәрі басқаша екенін түсінбеген екенмін. Тіпті, мен ойлағаннан да оңай екен деп айтуға болады.

Осыған орай өз тәжірибеммен бөліскенді жөн көрдім.

Біріншіден. Ешқашан қиындықтарға мойымаңыздар. Көздеген мақсатыңа жету жолында әлдебіреудің айтқанына ермей, тура жолдан таймау керек.

Басымнан өткен бір оқиғаны айтып берейін. Диплом алғаннан кейін екі апта өткен соң мәслихат депутатығына сайлау өтетіндігі туралы хабарландыруды көзім шалып қалды. Достарыммен ақылдасып, сайлауға қатысуға бел будым. Қолында өтініші бар 21 жастағы жігітті көрген сайлау комиссиясындағы мамандар маған күле қарады. Қарсыластарымның да маған деген көзқарасы сондай болды.

Сайлаушылармен алғашқы кездесулерім де есімде. Жас баланың депутаттыққа үміткер екенін көргенде сайлаушыларымның жартысынан көбі теріс айналған болатын.

Штабымнан басқа ешкім менің жеңіске жететініме сенбей, бәрі бұл мүмкін емес деумен болды.

Кәсіпкерлер, жетекшілер және танымал қайраткерлерден тұратын 11 қарсыласым болса да, еңбек және жеңіске деген сенім арқылы кешегі студент, қарапайым жігіт осы сайлауда жеңіске жетті. Ал 4 жылдан кейін қайта сайландым.

Шын мәнінде бұл сайлаудан ұтқаным көп болды. Сайлаушылардың сеніміне ие болып, өз күшіме деген сенімім де нығая түсті. Сон-



Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ Соңғы қоңырау мерекесімен құттықтады

дықтан адам баласы өз күші мен арманына сенуі керек. Құласаң да қайта тұрып, алға ұмтылуға тырысу керек.

Естеріңізде болсын, тағдыр мақсаты айқын және алған бетінен қайтпайтын адамдарды жақсы көреді.

Екіншіден. Қателесуден қорықпау керек. Қателік жасалса, өмір сонымен аяқталмайды.

Барлық адам қателеседі.

Ең бастысы — өз қателігімізді уақытылы түсініп, түзетуге тырысуымыз әлдеқайда маңызды.

Барынша күш-жігерімізді салып, алған беттен қайтпағанымыз абзал.

Міне, бұл болашақта табысқа қол жеткізетін адамға тән қасиет.

Мектепті бітіргеннен кейін мен бірден грантқа түсе алмадым. Жалпы жақсы балл жинағанымға қарамастан, бейіндік пән бойынша аз балл алғандықтан, грант жеңіп ала алмадым. Сол кезде бұл жағдайды өмірімдегі үлкен қателік деп санадым, өмірім аяқталған сияқты болды.

Бірақ кейін бұл жағдайға деген көзқарасым өзгеріп, оны өмірімдегі кезекті сынақ деп қабылдадым. Тағы бір жыл дайындалып, ҰБТ-

ны қайта тапсырдым. Жақсы балл жинап, грантты жеңіп алдым. Бұл оқиға маған көп нәрсені үйреткен өмірлік сабақ болғанын жете түсіндім.

Өз күшіңізге деген сенім мен қателіктерге мойымай, аяққа қайта тұру — адам баласы үшін өте маңызды деп білемін.

Үшіншіден. Басқаларға қарағанда ерекше болудан ұялмаңыздар.

Ең бастысы өзіңізге адал болыңыз. Басқа адамдармен араласып, дос болыңыздар. Ата-анаға қамқор болып, бауырларыңызбен байланысты ешқашан жоғалтпаңыздар. Кейін, мүмкін 30 жасқа келгенде, ата-ананың берген ақыл-кеңестері орынды екенін түсіне бастайсыздар.

Бойларыңызда жаңа әдеттер қалыптастырыңыздар!

Денсаулықтарыңызды нығайтыңыздар!

Бүкіл әлем қарсы болса да, қайсарлық танытып, алған бағыттан қайтпаған жөн.

Қазір “Қай университетті таңдасам екен” деп ойланып жүрген боларсыздар.

Өрине, бұл өте маңызды мәселе.

Енді әрбір жоғары оқу орны түлектеріне мемлекеттік емес, өзіндік үлгідегі диплом береді. Келесі жылдан бастап дипломның ғана болуы жеткіліксіз, сонымен бірге нақты білім мен дағдылардың болуын дәлелдеу қажет болмақ. Тіпті оны сертификатпен растау керек болады.

Сондықтан мықты оқу орнын таңдап, болашаққа зор сеніммен қадам басуға шақырамын.

Оқу құнының арзандығы, сабақты босату, емтихан тапсырмай-ақ оқуды аяқтау сынды “мүмкіндіктерге” қызықпаңыздар. Бұл жақсылыққа алып келмейтін әрекет деп есептеймін.

Сол себепті ЖОО таңдаған кезде университеттің беделіне, оқу орнына қатысты жұмыс берушілердің пікіріне, халықаралық аккредиттеудің болуына, тарихына мән бергендеріңіз абзал.

“Өмір атты белесте тек бір рет қана білім алу жеткілікті” деген ескі қағида өз күшін жоғалтты. Табысқа жету үшін біз өмір бойы оқуымыз қажет. Күн сайын жаңа технологиялар пайда болып жатыр. Өміріміздегі жаңа трендтер — бұл үздіксіз оқу ұғымымен пара-пар.

Сондай-ақ білім министрі ретінде мықты түлектерді педагог мамандығын таңдауға шақырамын. Өйткені, білім сапасы, елдің болашағы жоғары оқу орындарын аяқтап шығатын мұғалімдерге тікелей байланысты. Бұл үлкен дәрежеге ие және өте құрметті мамандық.

Мұғалім мамандығының мәртебесін арттыру үшін Президенттің тапсырмасы бойынша біз педагогтердің жалақысын белсенді түрде арттырып жатырмыз. Шамадан тыс есептілікті алып тастадық. Болашақ педагогтердің стипендиясы ең жоғары стипендия болып табылады, бұл бағыттағы жұмыстар әрі қарай да жалғасын табады.

Құрметті жас түлек!

Алға қойған мақсаттарыңызға жетіңіздер. Батыл болыңыздар.

Бәрі өз қолдарыңызда екенін естеріңізде сақтап жүріңіздер.

Сөз соңында айтарым: өздеріңізді шектемей, кең әрі ауқымды ойлауға тырысыңыздар. Сонда ғана толағай табыстарға жетесіздер!

Өмірлеріңіздегі жаңа кезең құты болсын, достар!

Болашақта жаңа жетістіктерге жете беріңіздер!, — деп жазды Facebook әлеметтік желісіндегі паракшасында ҚР Білім және ғылым министрі.

Zhu Oblustyy gazeti

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті**

Меншік иесі:

ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Басқарма төрағасы-ректор м.а
Рахым Бекназаров**

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Сағрузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZHU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblustyq gazetii

Таралымы: 5000 дана